

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды, сақтандыру резервтері жөніндегі есептілікті беру нысандарын және мерзімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен қадалағау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 61 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6293 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 6 мамырдағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 06.05.2014 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Осы қаулы 2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес сақтандыру резервтері жөніндегі есептіліктің нысандары.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін есепті айдан кейін келетін айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей, ұсынылған деректердің түзетілмеуін қамтамасыз ететін Microsoft Office Excel форматында электронды тасымалдауышта ақпаратты Агенттікке:

тоқсан сайын осы қаулының 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес;

ай сайын осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ұсыну белгіленсін.

3. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

5. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын

қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

6. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға а л с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым *Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2010 жылғы 30 сәуірдегі № 61

қаулысына 1-қосымша

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар

Осы Талаптар «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына талаптарды белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) актуарлық әдістер – сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий пайдаланатын есептеудің экономикалық-математикалық әдістері;

2) есептеу күні – сақтандыру резервтері есептелетін күн;

3) келтірілген күтілетін құны – пайыздық ставкасын және сақтандыру төлемін (жарналарының) есептеу күні мен келіп түскен күні не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша, өлімнің, мүгедектіктің, науқас болу ықтималын қамтитын және олардың негізінде есептелген еркек және (немесе) әйел жынысты

тұлғалардың болашақ өмір ұзақтығымен байланысты шамаларды қамтыған кестелерді (бұдан әрі - өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері) пайдалана отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні арасындағы уақыт кезеңін ескере отырып есептелген (дисконтталған) сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) не сақтандыру төлемдерінің, не шығыстардың күтілетін (ықтимал) құны;

4) нетто-сыйлықақы (бөліп төлеу кезіндегі нетто-жарналары) – актуариймен актуарлық әдістер негізінде бағаланған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің тек сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге шығыстарын жабуды ескермей сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша ғана міндеттеме қабылдағаны үшін төлеуге жататын ақша сомасы;

5) полистік жыл – полистің қолданыста болу мерзімінің басындағы күні мен аяқталу күнінің арасындағы кезең;

6) резервтік базис - өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтері шамасына әсер ететін параметрлері мәндерінің жиынтығы;

7) реттелмеген шығын – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша мәлімделген талап: сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес; не сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзу нәтижесінде сақтандыру сыйлықақыны қайтару;

8) сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша цедентке комиссиялық сыйақы төлеуге байланысты міндеттемелерді қоспағанда, есептеу күніне қайта сақтандырушының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерінің бір бөлігі;

9) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша алуға есептелген сақтандыру сыйлықақысы;

10) таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары – іс жүзінде алынғанына немесе алынбағанына қарамастан сақтандырушы полистік жылда есепке алған сыйлықақылар (қайта сақтандырушының үлесі есептелмеген сыйлықақылар);

11) таза сақтандыру сыйлықақысы – қайта сақтандырушының үлесі есептелмеген сыйлықақысы;

12) тапқан сақтандыру сыйлықақысы – есепті кезеңде есептелген, есепті кезеңнің басына таппаған сыйлықақының резерві шамасына ұлғайтылған және сол кезеңнің аяғына таппаған сыйлықақының резерві шамасына кемітілген сақтандыру сыйлықақысы;

13) таппаған сақтандыру сыйлықақысы - сақтандыру сыйлықақысының есептеу күнінен кейінгі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы кезеңіне қатысты бөлігі;

14) тарифтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің шамасына әсер ететін параметрлері м ә н д е р і н і ң ж и ы н т ы ғ ы ;

15) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-тарау. Сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті ақпаратқа қойылатын талаптар

2. Сақтандыру резервтері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен сақтандыру резерві түріне қарай әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша және әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке қалыптастырылады. Сақтандыру резервтерінің есептеуі, кейінгі тәуекелдерді қайта сақтандыруға қарамастан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылдайтын міндеттемелерінің көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтердің есептеуін:

1) қолданыстағы сақтандыру шарттары мен қайта сақтандыруға қабылданған шарттарын есепке алу журналында;

2) қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналында;

3) шығындарды және мерзімнен бұрын тоқтатылған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын есепке алу журналында қамтылған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

Журналдар электронды түрде, осы Талаптардың 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Сақтандыру резервтерінің құрылымы

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қалыптастыруы міндетті болып табылатын сақтандыру резервтері мыналарды қамтиды:

1) таппаған сыйлықақылар резерві (бұдан әрі - ТСР) – есептеу күнінен кейінгі шарттың қолданыста болу кезеңіне қатысты, келесі есепті кезеңдерде туындауы мүмкін төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындауға арналған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақының бөлігі (таппаған сыйлықақы);

2) күтпеген тәуекелдер резерві (бұдан әрі - КТР) - сақтандыру төлемдерін және сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстарды жабу үшін ТСР

жеткіліксіз болған кезде қалыптастырылатын сақтандыру резерві;

3) орын алмаған шығындар резерві (бұдан әрі - ОАШР) - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептеу күніне орын алмаған, бірақ келешекте сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты қолданыста болу кезеңінде болуы мүмкін сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнiндегi мiндеттемелерi.

4) шығындар резервтері:

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві (бұдан әрі - ОМШР) - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде орын алған, басталуы фактісі туралы заңда немесе шартта белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде мәлімделмеген сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған шығындарды реттеу бойынша шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнiндегi мiндеттемелерiнiң бағалауы болып табылады;

мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві (бұдан әрі - МРШР) - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп беру күніне шығындарды реттеуге шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша орындалмаған немесе толық орындалмаған міндеттемелерінің бағалауы болып табылады. Сақтандыру шығындарын реттеу шығыстары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған, сақтанушының мүліктік мүдделеріне келтірілген залалдың (зиянның) мөлшерін бағалауға және төмендетуге байланысты сараптамалық, консультациялық және өзге қызмет көрсетулерді төлеу үшін қажетті ақша қаражаты сомасы.

5) тұрақтандыру резерві (бұдан әрі - ТР)- қайта сақтандырушының үлесі ескерілген сақтандыру ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициентінің, оның орташа мәнінен асып кеткен жағдайдағы болашақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелерінің бағалауы болып табылады. Қайта сақтандырушының үлесі ескерілген сақтандыру ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициент (бұдан әрі – шығындылықты сипаттайтын коэффициент) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 83 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4218 тіркелген) бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициенттерді есептеу ережесіне сәйкес анықталады.

5. Есептеу күніне жасалған сақтандыру шарттары бойынша алдыңғы есептеу күндеріне сақтандыру резервтерін қалыптастыру кезінде көзделмеген қосымша

тәуекелдер туындаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы актуариймен жасалған тиісті актуарлық қорытындының негізінде қосымша резервтер қалыптастырады.

6. Теріс мәнді сақтандыру резервтерінің мәні нольге айналады.

4-тарау. «Жалпы сақтандыру» саласы ТСР, КТР, ОАШР, МРШР, ТР есептеу

7. ТСР есептеуі әрбір сақтандыру шарты бойынша жеке жүргізіледі.

8. ТСР шамасын есептеу үшін пропорция әдісі қолданылады.

9. Пропорция әдісі бойынша ТСР әрбір шарт бойынша есептелген таппаған сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен таппаған сыйлықақы есепті күнге шарттың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күнмен) шарттың барлық қолданылу мерзіміне (күнмен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының туындысы ретінде әрбір шарт бойынша анықталады:

$$T_1, \quad T_{C P} = \frac{T_1 - T_2}{C C x (-----)}$$

м ұ н д а :

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

T_1 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру қорғау қолданылатын күндер саны;

T_2 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған сәтінен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) өткен күндер саны.

10. КТР қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру шығындарды реттеу бойынша барлық шығындар мен шығыстарды жабу үшін ТСР жеткіліксіз болған жағдайда қалыптастырылады.

11. Егер сақтандыру шығындарын реттеу бойынша сақтандыру төлемдері мен шығыстары сомасының таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары мен қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген ТСР өзгеруінің айырмасына қатынасы сақтандыру сыныбы бойынша 105 (жүз бес) пайыздан асса, ал жеке сақтандыру сыныбы бойынша қолданыстағы шарттар бойынша таза сақтандыру сыйлықақыларының көлемі есепті кезеңдегі қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 10 (он) пайызынан асатын болса, КТР осылайша анықталады:

$$KTP = \left(\frac{T + Ш}{TC - DTCP} - 1.05 \right) \times TCP,$$

м ұ н д а :

T – сақтандыру төлемдері;

Ш – сақтандыру шығындарды реттеу бойынша шығыстар;

TC – таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылар (қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген);

DTCP – өткен есептеу күнімен салыстырғандағы қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген таппаған сыйлықақы резервінің өзгеруі;

TCP – есептеу күніне қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген таппаған сыйлықақы резерві.

12. TCP есептеу үшін пайдаланылатын сақтандыру төлемдері, сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар, таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары бір полистік жылға жатады.

13. ОМШР есептеу әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке жасалады. ОМШР жалпы шамасы барлық сақтандыру сыныптары бойынша есептелген ОМШР қосу арқылы анықталады.

14. ОМШР есептеу мынадай актуарлық әдістермен (үшбұрыштар әдістерімен) жүзеге асырылады:

1) тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен және инфляцияға түзетусіз (төленген шығындар негізінде);

2) метод Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісі бойынша (мәлімделген шығындар негізінде);

3) «Қазақстан актуарийлерінің қоғамы» қоғамдық бірлестікпен мақұлданған әдістер бойынша.

15. Актуарий осы Талаптардың 14-тармағында көзделген есептеу әдістерінің негізінде ОМШР мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдайды.

16. Сақтандыру ұйымының сақтандыру сыныбы бойынша қызметін үш жылдан кем жүзеге асырған жағдайда не осы Талаптардың 14-тармағында көрсетілген әдістер бойынша ОМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, ОМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем еместі құрайды.

17. ОМШР осы Талаптардың 14-тармағында көрсетілген әдістер бойынша есептелгенде, актуарий, ОМШР мөлшерін есептеудің таңдаған әдісі туралы негіздемесін ұсынады. ОМШР осы Талаптардың 16-тармағына сәйкес есептелген жағдайда актуарий ОМШР есептеу үшін деректердің жеткіліксіздігі туралы негіздемені ұсынады.

18. Осы Талаптардың 17-тармағында көрсетілген негіздемелер актуариймен әрбір есепті күнге қаулының 2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылады.

19. Ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР шамасы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда есептелген сақтандыру сыйлықақының 60 (алпыс) пайызынан кем еместік ұр а й д ы .

20. Актуарий сақтандыру ұйымының пайда алушының еңбекке жарамдылығын қайта куәландыруға және (немесе) жоғалту дәрежесінің ұзартылуына, денсаулығының нашарлауына және (немесе) қайтыс болуына байланысты міндеттемелерінің ықтимал өсуін бағалауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1532 тіркелген) бекітілген Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережеге сәйкес ұсынылатын актуарлық қорытындыда көрсетілетін осы бағалау сомасына ОМШР өсіреді.

21. МРШР әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке жүргізіледі. МРШР шамасы барлық сақтандыру сыныптары бойынша есептелген МРШР қосу ар қ ы л ы а н ы қ т а л а д ы .

2 2 . М Р Ш Р е с е п т е у :

1) сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтінішті алып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған кезде МРШР төлем мөлшерінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы ;

2) сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтінішті алып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім болмаған жағдайда МРШР мәлімделген және құжаттамалық расталған шығынның мөлшерінде белгіленеді. Сақтандырушыда шығынның мөлшері туралы жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда МРШР сақтандыру төлемі үшін жеткілікті, бірақ осыған ұқсас шарттар топтамасы бойынша жасалған, төленген талаптардың орташа мәнінен кем емес б е л г і л е н е д і .

23. МРШР есептеу үшін сақтандырушының есеп беру күніне реттелмеген шығындардың шамасы актуариймен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы берген мәліметтердің негізінде есептеледі және оның шамасының 3 (үш) п а й ы з ы н а н а р т ы қ е м е с б о л а д ы .

24. Есеп беру күніне реттелмеген шығын және мерзімнен бұрын тоқтатылған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары сақтанушы өзіне кез келген қол жетімді тәсілмен не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында және (немесе) шартта көзделген тәртіппен сақтандыру

жағдайы басталғаны туралы хабарлаған сәттен, не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты мерзімнен бұрын тоқтатылған сәттен бастап шығындарды есепке алу журналында тіркеледі.

25. МРШР есептелген шамасы сақтанушының (қайта сақтанушының) есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру сыйлықақыларын төлеу бойынша берешегі сомасына кемітіледі.

26. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы МРШР мөлшерін шығын туралы өтініш беру сәтінен бастап ол бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім шығару, не сақтанушының ол бойынша сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартуы (қай күн ертерек келуіне қарай) сәтіне дейін үш жыл ішінде қалыптастырады.

27. ТР есептеу егер сақтандыру сыныбы бойынша шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің, оның алдыңғы үш қаржылық жылға есептелген орташа мәнінен елеулі ауытқулары бар болған жағдайда жүзеге асырылады. Тұрақтандыру резервін және шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің, оның орташа мәнінен елеулі ауытқуын есептеу осы Талаптардың 4-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

28. ТР есептеу әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке аяқталған қаржы жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі. ТР жалпы шамасы барлық сақтандыру сыныптары бойынша есептелген ТР қосу арқылы анықталады.

29. Қаржы жылының басында қалыптастырылған ТР ағымдағы қаржылық аяқталғанша өзгермейді.

5-тарау. «Өмірді сақтандыру» саласы

30. Қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу актуарлық әдістер пайдаланып орындалады.

31. Қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу сақтандыру ұйымы сақтандырылушының қайтыс болуы тәуекелін жаппайтын жағдайда, сондай-ақ шарттардың:

- 1) жинақтаушы емес өмірді сақтандыру;
- 2) жинақтаушы өмірді сақтандыру;
- 3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күнінен кейін келетін аннуитет;
- 4) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күніне дейін келетін аннуитет;

32. Қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жазатайым жағдайлардан сақтандыру сыныбы мен аурулардан сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу актуариймен осы Талаптардың 4-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Сақтандыру резервтерін есептеу сақтандыру шарттарының талаптарын ескере отырып, резервтік базис негізінде жүзеге асырылады.

34. Резервтік базис сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары талаптарының айырмашылығы ескеріліп, белгіленеді, атап айтқанда сақтандыру жағдайларының тізбесіне, қолданылу мерзімдеріне, сақтандыру жарналарын төлеу тәртібі мен мерзімдеріне, сақтандыру төлемдерінің мерзімдеріне, сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын тәуекел дәрежесіне объективті әсер ететін өзге факторларға қарай белгіленеді.

35. Резервтік базис мынадай параметрлерді қамтиды:

- 1) тиімді жылдық пайыздық ставкасы;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін есептеу үшін пайдаланатын өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері;
- 3) сақтандырушының сақтандыру шарттарын қамтамасыз ету бойынша болашақ шығыстардың (іс жүргізу бойынша болашақ шығыстардың) абсолюттік шамасы немесе үлесі, сондай-ақ сақтандыру сомасынан сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған шығыстар үлесі пайызбен (бұдан әрі – шығыстар көрсеткіштері);
- 4) сақтандыру төлемдерін индекстеу ставкалары.

36. Зейнетақы аннуитеттері шарттары бойынша және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған аннуитет шарттары бойынша резервтік базис параметрлерінің мәндері тарифтік базиске қарағанда консервативті болып табылатын жағдайды қоспағанда тарифтік базистің параметрлерінің мәндеріне сәйкес келеді. Тарифтік базиске қарағанда консервативті базис болып мынадай резервтік базис саналады:

- 1) ең төменгі тиімді жылдық пайыздық ставкасымен;
- 2) өмірді сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесінің жоғары көрсеткіштерімен;
- 3) аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесінің төмен көрсеткіштерімен;
- 4) жоғары шығыстар көрсеткіштерімен;
- 5) жоғары индекстеу ставкаларымен.

37. Сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий:

- 1) егер сақтандыру валютасы шетел валютасы болып табылса 4 (төрт)

п а й ы з д а н ;

2) егер сақтандыру валютасы ұлттық валюта болып табылса:

2011 жылы – 7 (жеті) пайыздан артық емес;

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, кем дегенде он жыл айналыста болу мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купон ставкасының орташа мөлшерінен артық емес, бірақ 6 (алты) пайыздан жоғары емес тиімді жылдық пайыздық с т а в к а с ы н п а й д а л а н а д ы .

38. Өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесін таңдау сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелінің ерекшелігін ескере отырып, сақтандырылушының және (немесе) сақтанушының сипаттары негізінде жү р г і з і л е д і .

39. Резервтік базистің параметрлері әрбір параметр бойынша негіздемелер қоса беріле отырып, актуарлық қорытындыда көрсетіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру), аннуитет шарттары бойынша ОАШР, ОМШР, МРШР есептеу

40. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне қолданыстағы барлық өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтері сомасы ретінде есептеледі.

41. Жеке өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ОАШР мынадай шамалардың ең жоғарғы шамасына тең болады:

$$1) \text{ ОАШР } 1 = \text{ТКкк} + \text{ТМКкк} + \text{ОШКкк} - \text{СЖКкк},$$

м ұ н д а :

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ТМКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарауға, реттеуге, анықтауға тікелей байланысты шығыстарының келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны;

$$2) \text{ ОАШР } 2 = \text{ТКкк} - \text{СНЖКкк},$$

м ұ н д а :

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында тек сақтандыру жағдайы басталуына ғана көзделген сақтандыру төлемдерінің

келтірілген күтілетін құны (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде);

СНЖКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін, өзінің тек сақтандыру жағдайдың басталуына байланысты сақтандыру төлемдерін (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде) жүзеге асыру бойынша ғана міндеттемені қабылдағаны үшін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (біржолғы төлеу кезде – нетто-сыйлықақылардың) құны.

42. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде осы Талаптардың 35-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

43. Аннуитет шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне барлық қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтерінің сомасы ретінде есептеледі.

44. Жеке аннуитет шарты бойынша ОАШР мынадай шамаға тең болады:

$$ОАШР = ТКкк + ОШКкк - СЖКкк,$$

м ұ н д а :

ТКкк – аннуитет шартының талаптарында көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аннуитет шарты бойынша іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстарының келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеген кезде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруын бастау мерзімі есептеу күнінен бұрын басталған аннуитет шарты үшін СЖКкк нөлге тең болады.

45. Аннуитет шарттары бойынша жүйелі сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғайған жағдайда ОАШР:

сақтандыру төлемдерін жүргізу кезеңінде осы Талаптардың 44-тармағына сәйкес анықталады. Сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құнын есептеу сақтандыру төлемдері мөлшерінің өсімін ескере отырып, жүргізіледі; жинақтау кезеңінде мына шамалардың үлкені ретінде анықталады:

сақтандыру төлемдері өсімінің келтірілген күтілетін құны плюс осы Талаптардың 44-тармағына сәйкес есептелген ОАШР (сақтандыру төлемдерінің мөлшері өсімісіз), сақтандыру төлемі өсімінің күтілетін құны актуарий есептеген және бөлген аннуитет шарты бойынша қосымша кірістері мөлшеріне тең болады;

осы Талаптардың 44-тармағына сәйкес анықталған (аннуитет шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша кірістері есебінен сақтандыру төлемдері мөлшерінің өсуі ескерілген) ОАШР мөлшері ретінде.

46. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде осы Талаптардың 35-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

47. Жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР актуариймен осы Талаптардың 13-19-тармақтарына сәйкес е с е п т е л е д і .

48. Аннуитет шарттары бойынша, сондай-ақ жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР нөлге тең болады.

49. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР актуариймен осы Талаптардың 21-26-тармақтарына сәйкес есептеледі.

50. Аннуитет шарттары бойынша МРШР нольге тең болады.

6-тарау. Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі «Жалпы сақтандыру» саласы

51. ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі жасалған пропорционалды қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес әрбір сақтандыру шарты бойынша есептеледі. Пропорционалды емес сақтандыру шарттары бойынша ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі актуариймен қолданылатын қайта сақтандыру моделінің негізінде есептеледі. Сақтандыру ұйымында қайта сақтандыру моделі болмаған жағдайда ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі нөлге тең болады.

52. КТР-дегі, ОМШР-дегі, және ТР-дегі қайта сақтандырушының үлесі е с е п т е л м е й д і .

53. МРШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес қайта сақтандыру ұйымы өтеуі тиіс шығындар сомасының негізінде есептеледі.

«Өмірді сақтандыру» саласы Пропорционалды қайта сақтандыру бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі

54. Жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру резервіндегі қайта сақтандырушының үлесін есептеу осы Талаптардың 51-53-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мен аннуитет шарттары бойынша ОАШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыруға берілген жауапкершіліктің үлесіне қарай анықталады және осы Талаптардың 40-44-тармақтарына сәйкес не қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақының (сақтандыру жарналарының) іс жүзіндегі мөлшерінің негізінде есептеледі (алынған шамалардың ең төменгі болуына қарай).

56. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша

МРШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі осы Талаптардың 53-тармағына сәйкес анықталады.

Пропорционалды емес қайта сақтандыру бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі

57. ОАШР-дегі, ОМШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі өмірді сақтандыру және аннуитет шарттары бойынша есептелмейді.

58. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі осы Талаптардың 53-тармағына сәйкес анықталады.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 1-қосымша

Тұрақтандыру резервін және шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің елеулі ауытқуын есептеу

1. Егер шығындылық коэффициенті мәндерінің квадраттық ауытқуының (S_k) бағалауы шығындылық коэффициентінің (K) орташа шамасынан 10 (он) пайызға артық болса, сақтандыру сыныбы бойынша шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің ауытқуы елеулі болып саналады:

$$S_k \geq 10\% \times \bar{K},$$

где:

$$S_k = \sqrt{\frac{1}{M-1} [(K(1) - \bar{K})^2 + (K(2) - \bar{K})^2 + \dots + (K(M) - \bar{K})^2]} = \sqrt{\frac{1}{M-1} \sum_{i=1}^M (K(i) - \bar{K})^2}$$

$$\bar{K} = \frac{1}{M} [K(1) + K(2) + \dots + K(M)] = \frac{1}{M} \sum_{i=1}^M K(i)$$

м ұ н д а :

$K(i)$ – i -ші қаржы жылына шығындылық коэффициентінің шамасы;

K – m қаржы жалдарына шығындылық коэффициентінің орташа мәні;

M – қаржы жылдары саны.

2. Шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің орташа шамасы және сақтандыру сыныбы бойынша шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің квадраттық ауытқуының бағалауы алдыңғы 3 қаржы жылындағы деректердің негізінде анықталады.

3. Сақтандыру сыныбы бойынша ТР есепті кезеңдегі тапқан сақтандыру

сыйлықақысының шамасы шегерілген есепті кезеңнің басындағы

ТР шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің орташа шамасына (К) кемітілген есепті кезеңдегі шығындылықты сипаттайтын коэффициентке көбейтілген мөлшерінде анықталады:

$$TR = TR_1 - TC \times (K - K),$$

м ұ н д а :

ТР – есепті күндегі тұрақтандыру резерві;

ТР₁ – алдыңғы қаржы жылындағы тұрақтандыру резерві;

К – шығындардың есепті кезеңдегі шығындылығын сипаттайтын коэффициенттің шамасы;

ТС – есепті кезеңде тапқан сақтандыру сыйлықақысы.

4. Қандай да бір сақтандыру сыныбы бойынша шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің орташа шамасынан ауытқуы елеусіз болған жағдайда, осы сақтандыру сыныбы бойынша ТС нөлге тең болып қолданылады.

5. Сақтандыру сыныбы бойынша тұрақтандыру резерві соңғы қаржы жылында тиісті сақтандыру сыныбы бойынша тапқан сақтандыру сыйлықақысына көбейтілген шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің мәндерінің квадраттық ауытқуларының бағалауынан 450 (төрт жүз елу) пайызынан аспауы тиіс:

$$TC \leq 4.5 \times S_k \times TC(M)$$

м ұ н д а :

ТС(M) – соңғы қаржы жылында тапқан сақтандыру сыйлықақысы.

Егер сақтандыру ұйымы екі жыл ішінде қандай да бір сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру шартын жасамаса немесе қандай да бір сақтандыру сыныбы бойынша шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің шығындылық сипаттайтын коэффициенттің орташа шамасынан ауытқуы елеусіз болса, онда сақтандыру сыныбы бойынша ТР нөлге тең болып қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы

ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у

а г е н т т і г і Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і № 6 1

қаулысына 2-қосымша

нысан

(Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу туралы есебі

20 _____ жылғы « _____ » _____ жағдай бойынша

№	Сақтандыру коды	Сақтандыру сыныптарының атауы	Таппаған сыйлықақының резерві, жалпы сомасы	Таппаған сыйлықақының резервіндегі қайта сақтандырушының үлесі	Таппаған сыйлықақы резервінің т а з а сомасы	Күтпеген тәуекелдер резерві	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві
1	2	3	4	5	6	7	8
1	100	Міндетті сақтандыру					
1.1	101	Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру					
1.2	102	Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру					
1.3	103	Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру					
1.4	104	Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру					
1.5	105	Экологиялық сақтандыру					
1.6	106	Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы					
1.7	107	"Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру					
		Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты					

1.8	108	объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру				
1.9	109	Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру				
2	200	Ерікті жеке сақтандыру				
2.1	201	Жазатайым жағдайлардан сақтандыру				
2.2	202	Ауырған жағдайдан сақтандыру				
2.3	203	Сақтандырудың өзге түрлері (сыныптары)				
3	300	Ерікті мүліктік сақтандыру				
3.1	301	Автомобиль көлігін сақтандыру				
3.2	302	Теміржол көлігін сақтандыру				
3.3	303	Әуе көлігін сақтандыру				
3.4	304	Су көлігін сақтандыру				
3.5	305	Жүктерді сақтандыру				
3.6	306	Осы Кестенің 3.1-3.5 –тармақтарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда мүлікті залалдан сақтандыру;				
3.7	307	Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру				
		Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық				

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 61 қаулысына 3-қосымша
1-нысан

**Қолданыстағы сақтандыру шарттарды және қайта сақтандыруға
қабылданған шарттарды есепке алу журналы**

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Шарттың/ сақтандыру полисінің нөмірі	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру соманың мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақының мөлшері (теңгемен)	Делдалдың атауы/ тегі, аты, бар болса – әкесінің аты	Комиссия мөлш теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

2-нысан

Қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Шарттың/ сақтандыру полисінің нөмірі	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақының мөлшері (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандырушының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандырушының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резидентіне қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резидент емесіне қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні
9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--	--

Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандырушының атауы	Қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы	Рейтинг агенттігі	Қайта сақтандырушының резиденттігінің мәртебесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері	Сақтандыру бойынша комиссиясы	
						% (пайыз)	сомасы
14	15	16	17	18	19	20	21

3-нысан

Шығындарды және мерзімнен бұрын тоқтатылған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарды есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Пайда алушы	Шарттың / сақтандыру полисінің нөмірі	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру жағдайдың белгілері бар оқиға болған күні	Сақтандырушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабардар ету күні	Мәлімделген, бір реттелмеші шығын сомасы теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Сақтандырушының реттеуге арналған шығыстарының сомасы (теңгемен)	Осыған ұқсас шарттар топтамасы бойынша жасалған реттелген төлемдердің орташа мәні (Талаптардың 28-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларға)	Қайта сақтандырушының атауы	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындағы қайта сақтандырушының үлесі	Шартты мерзімнен бұрын тоқтату күні	Сақтандыру төлемі жасалған күні	МРШР
12	13	14	15	16	17	18

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 61 қаулысына 4-қосымша

1-нысан

Күтпеген тәуекелдер резервін есептеуге арналған деректер

Сақтандыру сыныбы	Сақтандыру төлемдері (Т)	Сақтандырушының сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстары сомасы (Ш)	Таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары (ТС)	TCP өзгеруі (D TCP)	TCP

2-нысан

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындарды тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз (төленген шығындар негізінде) есептеуге арналған деректер

1) Есеп беру күніне _____ бойынша төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша төленген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

2) _____ бойынша жинақталған төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Жинақталған төленген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

3) Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ _____ Шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, n - кезеңдегі орташа, орташа шама)

--	--	--	--	--	--	--

1	2	...	n-2	n-1	n
					x

4) _____ бойынша болжамдалатын жинақталған төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Төленген шығындардың болжамдалатын жинақталуы					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x
2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

5) _____ бойынша шығындар резервінің кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Төленген шығындардың болжамдалатын жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	...	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x		
3	x	x	...				
...
n-1	x	x	...				
n	x						
Шығындар резерві							

i _____ бойынша шығындарды реттеуге арналған шығыстар сомасы қосылған орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві сақтандыру сыныбы

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			
ЖИЫНТЫҒЫ:			

3-нысан

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындарды тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен (төленген шығындар негізінде) есептеуге арналған деректер

1) Есеп беру күніне _____ бойынша төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындарды пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша төленген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

2) Әрбір өткен кезеңге инфляция бойынша ақпарат

Кезеңдер	Өткен кезеңдегі инфляция (пайызбен)
1	
2	
3	
...	...
n-1	
n	

3) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындарды пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен кезеңдер бойынша төленген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

4) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындарды пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған төленген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n

1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

5) Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ _____
 Шығындар дамуы әдісі (орташа арифметикалық, n- кезеңдегі орташа, орташа шама)

1	2	...	n-2	n-1	n
					x

6) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен болжамдалатын жинақталған төленген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен төленген шығындардың болжамдалатын жинақталуы					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x
2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

7) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар резервінің кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен төленген шығындардың болжамдалатын жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	...	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x		
3	x	x	...	x			
...
n-1	x	x	...				
n	x						
Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар резерві							

8) _____ бойынша шығындарды реттеу бойынша шығыстар сомасы қосылған орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві сақтандыру сыныбы

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар

1	0		0
2			
3			
...			
n-1			
n			
ЖИЫНТЫҒЫ:			

4-нысан

Борнхьюттер-Фергюсон әдісінің негізінде орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуге арналған деректер

1) _____ бойынша есепті күніне мәлімделген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Мәлімделген шығындар кезеңдер бойынша (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

2) _____ бойынша жинақталған мәлімделген шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Шығындардың пайда болу кезеңі (i)	Жинақталған мәлімделген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

3) Коэффициенттер кестесі

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Шығындар дамуы коэффициенттері g(j)	Шығындар дамуы факторлары f(j)	Кешігу факторлары h(j)
1			
2			
3			

...			
n-1			
n			

4) _____ бойынша шығындарды реттеуге арналған шығыстар сомасы қосылған орын алған, бірақ мәлімделмеген резерв сақтандыру сыныбы

Шығындар пайда болу кезеңі (i)	Тапқан сыйлықақылар	Шығындылықты сипаттайтын коэффициент	Орын алған шығындардың күтілетін шамасы z(i)	Кешігу факторлары h(j)	Орын алған, бірақ есепті күніне төленбеген шығындар R(i)	Мәлімделген, бірақ есепті күніне реттелмеген шығындар	Орын алған бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3=1*2	4	5=3*4	6	7=5-6
1							
2							
3							
...							
n-1							
n							
ЖИЫНТЫҒЫ							

5-нысан

_____ бойынша тұрақтандыру резервін есептеуге арналған деректер сақтандыру сыныбы

M	K(i)	$(K(i) - \bar{K})^2$
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
...		
...		
n		
	$\bar{K} =$	$S_k =$

S_k	ЗП	СРноп	$(K - \bar{K})$	СР

			полистің нөмірі	басталған күні	аяқталған күні	төлемінің мөлшері (теңгемен)	мөлшері (теңгемен)	(сақтандырушыны сақтандыру сомасы (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кестенің жалғасы:

Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандырушының атауы	Қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы	Рейтинг агенттігі	Қайта сақтандырушының резиденттігінің мәртебесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері	Сақтандыру бойынша комиссиясы	
						% (пайыз)	сомасы
14	15	16	17	18	19	20	21

3-нысан

Сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шығындарын және мерзімнен бұрын тоқтатылған шарттарын есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Пайдалушы	Шарттың/сақтандыру полисінің нөмірі	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталу күні	Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған күні	Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабардар ету күні	Мәлім, бірегей реттелген шығын сомасы теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Сақтандырушының реттеуге арналған шығыстары сомасы (теңгемен)	Осыған ұқсас шарттар топтамасы бойынша жасалған реттелген төлемдердің орташа мәні, (Талаптардың 28-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларға арналған)	Қайта сақтандырушының атауы	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындағы қайта сақтандырушының үлесі	Шарттың мерзімнен бұрын тоқтату күні	Сақтандыру төлемі жасалатын күні	МРШР

12	13	14	15	16	17	18
----	----	----	----	----	----	----

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2010 жылғы
30 сәуірдегі № 61 қаулысына
б-қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2002 жылғы 3 маусымдағы № 211 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1921 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1921 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдісіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2002 жылғы 3 маусымдағы № 211 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 6 желтоқсандағы № 433 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2634 тіркелген).

3. Агенттік Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2002 жылғы 3 маусымдағы № 211 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 101 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3594 тіркелген).

4. Агенттік Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2002 жылғы 3 маусымдағы № 211 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 103 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4227 тіркелген).

5. Агенттік Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір қаулыларына

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қызметін реттеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 29 сәуірдегі № 90 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5693 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ